

«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ
Л.Н. ТОЛСТОЙ АТЫНДАҒЫ
№ 4 МЕКТЕП -ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА- ГИМНАЗИЯ № 4
ИМЕНИ Л.Н.ТОЛСТОГО
ГОРОДА СТЕПНОГОРСК
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО ГОРОДУ СТЕПНОГОРСК
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

17 желтоқсан 2025 жыл
Степногорск қаласы

№137
город Степногорск

Педагог лауазымына орналасуға
конкурсты ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 259 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 16 тамыздағы № 343 бірлескен бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын және педагогтарын қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 2023 жылғы 15 тамыздағы өзгерістер енгізілді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. hr-nobd.iac.kz платформасындағы техникалық ақауларға байланысты бос орындарға өтінімдерді мектепке қағаз түрінде және электрондық пошта арқылы gimn4@mail.kz мекенжайына қабылдау.
2. Байқау өткізу туралы хабарландыруды 2025 жылғы **17 желтоқсаннан 26 желтоқсанға дейін** мектептің ресми сайтына (интернет-ресурсы) және/немесе мектеп-гимназия №4 Л.Н.Толстой атындағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшасына жариялау.
3. Конкурс комиссиясын келесі құрамда құру:
 1. Филатова А.В. - комиссия төрайымы;
 2. Тарасенко А.Б. - оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары;
 3. Довгаль Н.Н.- ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары;
 4. Титова Е.Н. - ОТЖ жөніндегі басшы орынбасары;
 5. Альденова Ж.А. -кәсіподақ комитетінің төрайымы;
4. Конкурс комиссиясының хатшысы етіп мектеп-гимназия №4 педагогы Макашева А.К.-ны тағайындау.

5. Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау **2025 жылғы 17 желтоқсаннан 26 желтоқсанға дейін**, хабарландырудың соңғы жарияланған күнінен бастап **7 жұмыс күні** ішінде жүзеге асырылады.
6. Комиссия **2025 жылғы 29 желтоқсаннан 31 желтоқсанға дейін** үміткерлердің құжаттарын педагогтерге арналған үлгілік біліктілік талаптарына сәйкестігін қарастырады. Құжаттарды қарастыру қорытындысы бойынша, конкурс комиссиясы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес үміткердің Бағалау парағында көрсетілген балдарды есептейді.
7. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жүргізуді АКТ жөніндегі басшының орынбасары А.В. Филатовқа жүктеймін.

Басшы



Е.Макарова